

**Жас кітапханашылар мектебі аясында өткен «Жас кітапханашының біліктілігінің дамуы - кітапхана қызметінің тиімді факторы» атты семинар-тренингтың**

**ХАТТАМАСЫ**

Мақсаты: жас кітапханашылардың кәсіби біліктілігін көтеру.

Міндеті:

- Кітапханада жас маманның кәсіби бейімделуі;
- Жас кітапхана кадрының зияткерлік қызметінің дамуына көмектесу;
- Кәсіби өмірге жастардың қатысуы;
- Кәсіби білімін тереңдету және жетілдіру;

Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір десек, ал кітапханашы – кітапхана тірлігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушысы екені даусыз. Осындай алтын көпірді жалғастырушы жас мамандардың жоқтың қасы екені бәрімізге белгілі. Қай кітапхананы алып қарасақта жас мамандардың тапшылығы білінеді. Бірақ біздің кітапханамызда үлкен қуанарлық жағдай биылғы жылы орын алды. Біздің ұжым жас мамандармен толыға бастады. Осыған байланысты жас кітапханашылар мектебі өз жұмысына кірісті. Мамандарымыздың кәсіби өмірге бейімделіп, кәсіби білімдерін жетілдіру мен тереңдету мақсатында **19.05.2015 жылы «Жас кітапханашының біліктілігінің дамуы - кітапхана қызметінің тиімді факторы»** атты семинар-тренинг өтті.

Рашидова С.П «Кітапханадағы нормативті-құқықтық құжаттар» атты баяндамасында, не үшін бізге бұл құжаттарды білу керектігін түсіндірді. Өзін білікті маман деп санайтын кітапханашы алдымен қандай құжаттар бар екенін білуі керек. Жұмысқа орналасқаннан бастап «Қызметтік нұсқау», «Кітапхананы пайдалану ережелерін» білуі керектігін айтты. Сондай-ақ кітапханада қандай нормативті-құқықтық құжаттар бар екенін атап өтті. Жас мамандардың көбісі бөлім жетекшілері екенін ескере отырып, оларға бұл құжаттарды білулері керектігін міндеттеді.

«Кітапхана жұмысын жоспарлау-басты қызмет» атты кеңесте Петрухина Н.А кітапхана жұмысы жоспарының түрлеріне, олардың қалай жасалатынына тоқталды. Жұмысты жоспарлау туралы көрсеткен презентацияда нақты мысалдар келтіре отырып, өз ойын толығымен жеткізе білді. Жұмыс жоспарының мақсаты: жоспарланған іске қол жеткізу, оны орындау керектігі болып табылатынын, жоспар - кітапхана жұмысының басты бөлігі екенін түсіндірді. Бақылау көрсеткіштеріне де тоқталып өтті.

Тәжірибелік сабақта жас мамандар үйге берілген тапсырмаларын оқып берді. Тақырыбы: «Қазіргі таңда жас болу оңай ма?» («Легко ли быть молодым сегодня?»). Әр маман дайындап келген эсселерін оқып, өз ойларын айтты. Бұл жерден біздің байқағанымыз жас мамандарымыз сөзге бай, ойлары жетік философтар. Бұл қасиет кітапханашыға керек деп ойлаймыз. Әрбір оқырманмен жұмыс барысында, кітапхана ісі жайында, өзі атқарып жатқан істерін жетік жеткізе білетін мамандардың шығуы қуанарлық жағдай.

Кітапханаларда қазіргі уақытта оқырмандармен квест-ойындар өткізу көптеп кездеседі. Квест - қызықты ойын. Карта бойынша іздеу. Бұл ойын түрін кітапхананы дамыту бөлімі жас мамандармен кәсіби деңгейде өткізіп көрді. Екі топқа бөлінген мамандарға карта берілді. Сол карта бойынша олар кітапханамыздағы 5 бөлімді аралап шықты. Ал бөлімдегі мамандар әр топқа тапсырма мен сұрақтар берді. Осы тапсырмалар мен сұрақтардан сүрінбей өткен, әрі бірінші болып дамыту бөліміне келген 2- топ жеңіске жетті. Бұл ойынды өткізгендегі мақсатымыз жас мамандар өз жұмысын ғана емес, басқа бөлімдердің қандай қызмет атқаратынын көрсету, кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мен тереңдету. Бұл оң нәтижесін берді.

1. Абономентте кітап көрмесіне қалай кітаптар жинау, кітап-көрмесі туралы оқырмандарға қалай жеткізу, Д.В Роллинстың кітапханада қандай шығармалары бар екенін КАБИС – тен табу т.б тапсырмалар орындалды.

2. Әдебиетті толымдау және өңдеу бөлімінде эк-та қандай батырлар туралы кітап бар, жүйелі каталог, карточкалық каталог бойынша тапсырмалар орындалды.

3. Оқу залында оқырманға энциклопедиялардан бір сөздің қандай мағына беретінін және атақты бір адам туралы мәліметтерді тауып беруге көмектесті.

4. Ақпараттық-библиографиялық бөлімде электронды жеткізу, өлкетанулық құжаттар т.б тапсырмаларды орындады.

5. Дамыту бөлімінде сайт бойынша сұрақтар қойылды.

Кітапхана психологы Алимова С.С «Ценностные ориентации молодых библиотекарей» атты анкета жазғызды. Мақсаты: жас мамандардың кітапханада жеке тұлға ретінде өсуін қадағалау. Ойлары мен пікірлерін, жұмысқа деген ынталарын білу. Шешімінде: кітапханамызда жігерлі, білімді, жұмысқа деген ынтасы зор, заманауи талаптарға сай, кәсіби білімдерін жетілдіруге талпыныстары зор мамандар жұмыс істейтіндігін көрдік.

Семинар-тренинг соңында келесі шешімдер шешілді:

1. Жас мамандардың кәсіби білімін жетілдіру мен тереңдету;
2. Кәсіби өмірге бейімдеу;
3. Зияткерлік қызметінің дамуына көмектесу;

Құрастырған: КДБ жетекшісі Жансагимова А.Т

**Программа семинара-тренинга на тему  
«Развитие компетентности молодого библиотекаря как фактора эффективной  
деятельности библиотеки»  
(В рамках Школы молодого библиотекаря)**

**Цель семинара - тренинга:** повышение профессиональной компетентности молодых библиотекарей.

**Задачи семинара:**

- Профессиональная адаптация молодых специалистов в библиотечной среде.
- Содействие развитию интеллектуальной деятельности молодых библиотечных кадров.
- Усиление молодежного участия в профессиональной жизни.
- Расширение и углубление профессиональных знаний.

19.05.2015 г. В рамках Школы молодого библиотекаря прошел семинар-тренинг на тему «Развитие компетентности молодого библиотекаря как фактора эффективной деятельности библиотеки», на котором присутствовало 12 человек.

Были проведены следующие консультации:

1. «Нормативно – правовые документы ЦБС» - методист в/к Рашидова С.П
2. «Планирование работы библиотеки – важная функция управления» - методист в/к Петрухина Н.А

Далее были проведены практические занятия.

1. Эссе. «Легко ли быть молодым сегодня?»- молодые специалисты
2. Профессиональная квест-игра. – ОРБ, отделы ЦБС
3. Анкета. «Ценностные ориентации молодых библиотекарей»